



## ӨЗЕКТІ

Түннің бір уағында Алматыдағы компьютер клубына келген тәртіп сақшылары өз көзіне өздері сенбей тұрды. Таңқалмай қайтсын, көргені әдетте үйде отырмайтын жүгермектер емес, кәдімгі зейнеткерлер болса. Темекінің қою түтіні тұмшалаған тар бөлмеде алпыстың асқарынан асып кеткен атайлар мен әжейлер ащы суды бір ұрттап қойып, бәс тігетін құмар ойынды қыздырып отыр. Полиция тәртіп пен ереже туралы сөз қозғай бастап еді, ақсақалдың бірі «ойынның шырқын бұздың» деп дүрсе қоя берді. Ал клуб қызметкері екені соңынан анықталған бойжеткен «компьютер ойнауға келіп едім» дейді беті бүлк етпей. Оқыс оқиға туралы «Алматы» телеарнасы хабарлады.

Міне, коронавирус кеселі әлі ауыздықталмай жатқанда сақтану шараларын орындаған түріміз осындай.



## САЛҒЫРТТЫҚ КОРОНАВИРУСТАН ҚАУІПТІ



Жаһанды қыста вирустың дүрмегі басты. Сәт сайын үдеген сүренсіз статистика бәрін састырды. Іргедегі көршіден таралған індетке біз де үрке қарадық. Шама-шарқымызша алдын алуға қамдандық. Бірақ көзге көрінбейтін коронавирус наурыз айында бізге де келіп жетті. Одан кейінгі жағдай белгілі.

Үйде оқшауланғандарды осы айларда түрлі ой биледі. «Дерт — құр дақпырт, вируспен үркіту — саясат» дейтін диван сарапшылары әлеуметтік желіде онсыз да дебірі кеткен елдің есін шығарды. Мақұл, осы дүрбеленнен өзімізді өлтірмей, арбамызды сындырмай өттік. Басында тәртіпке бағынған бұқара уақыт өте жайбарақаттылыққа қайта салынғандай. Ауру көрсеткіші азайғасын блок-бекеттер алынып,

кәсіпорындар іске қосылып, қалалар қалыпты өміріне қайта енгендей болды.

Бірақ бөрікті аспанға лақтыруға әлі ерте екенін тәжітажал аз уақытта дәлелдеді. Күн сайын коронавирус жұқтырғандар ондап емес, жүздеп, күні кеше тіпті мындап тіркелді. Елді сақтыққа шақырып жүрген денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың өзі кесел қақпанынан құтылмады. Елдің бас санитар дәрігері күн сайын сақтық шарасына немқұрайды қарамау қажеттігін қақсап, аузы талғанша айтқанмен, оны естір, естісе де орындайтын құлақ жоқтың қасы-ау. Әйтпесе, аурудың ауыздықсыз бас ауған жағына кетіп бара жатқанын не деп жорисыз?

Осы апта Алматыдағы Бостандық ауданы әкімдігінің өкілі, эпидемиолог, учаскелік

полицеймен арнайы рейдке шықтық. Өкінішке қарай, сақтықты дәмхана, дүкендердің көбі тек сөз жүзінде ғана сақтайтынына көз жетті. Әңгіменің «әлқиссасын» қай нысанның да кіреберісінен бастайық. Ереже бойынша ішке кіргендердің дене қызуы міндетті түрде өлшеніп, бетперде кигені тексерілуі тиіс. Біз алғаш бас сұққан кафе бұл «жоралғылардың» ешқайсысын жасамады. Түс әлетінде сынай келген қонақтарды күтпегендей. Қызметкерлері қойған сұраққа жауап таппай, ауыздарына құм құйылды. «Үндемеген үйдей бөледен құтылады» деген мақалды қалқан еткендей. Бірақ мамандардың ескертуінен құтылмады.

(Жалғасы 3-бетте)

## БІЛІМ

Жексен **ТОҚТАРБАЙ**, химия ғылымдарының PhD докторанты:

## ЖУРНАЛҒА ШЫҚСАҢ ҒАЛЫМСЫҢ, ӘЙТПЕСЕ, КӨПТІҢ БІРІСІҢ



**Болашақ ғылым мен білімнің қолында. Оны бүкіл әлем мойындап, ғылымын дамытып жатыр. Ал біздегі ғылымның жағдайы мүшкіл. Бүгінгі кейіпкеріміз ғылым саласындағы кейбір түйткілдерге тоқталып, мәселені шешу жолдарын іздейді.**

(Бұл туралы 3-беттен оқыңыз)

## СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Қазақ жері қай жағынан алсақ та ауыл шаруашылығына қолайлы: суы мол, таулы, нұлы аймақ. Алайда ауыл шаруашылығы саласында түйткілді мәселе көп. Мысалы, қазақтың қылшық жүнді қойының терісі де, жүні де көдеге аспайды. Ал ішек-қарын, бас сирақты айтудың өзі ұят. Атақесіпте ақсап тұрған мұндай олқылық аз емес. Дегенмен, сала мамандары әлемдік нарықтың сұранысына сай жұмыс істеп жатқандарын айтуда. Мәселен, өткен аптада шошқа мен жылқыға бөлінетін субсидия туралы даулы әңгіме тараған-ды. Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров қоғам талқысына түскен әңгімеге нүкте қойып, Jas azaq газетіне арнайы сұхбат берді.



Сапархан ОМАРОВ:

## ҚЫЛШЫҚ ЖҮНДІ ӨҢДЕЙТІН ТЕХНОЛОГИЯ ЖОҚ

**Jas qazaq:** Сапархан Кесікбайұлы, өткен апта қоғамда жылқы мен шошқаға мемлекет тарапынан бөлінетін қаржы қызу талқыланды. Мәселені түсіндіріп, ақ-қарасын айтып берсеңіз. «Жылқыға субсидия бөлінбейді» деген шындыққа жанаса ма?

**С.Омаров:** Жалпы айтатын болсақ, елімізде жылқы шаруашылығымен айналысатын фермерлер мен отандық тауар өндірушілерге мемлекет тарапынан қолдау бұрыннан бар және бола береді. Сөзімнің дәлелі ретінде айтсам, бүгінде сатып алынған асыл тұқымды бір айғырға 100 мың теңге, азық дайындау мен сатып алу құнын арзандату үшін әр биеге 20 мың теңге субсидия төленеді. Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату үшін литріне 60 теңге субсидия тағы да бар. Жылқы шаруашылығын қолдау мұнымен шектелмейді. Жылқы өсіріп отырған шаруаларға әртүрлі техника мен қондырғы сатып алса, жұмыс шығынының 25 пайызы өтеледі. Сондай-ақ несие және лизинг бойынша да пайыздық мөлшерлемені 10 пайызға субсидиялау қарастырылған. Мен атап өткен қолдау шараларының барлығы «жылқы өсіретін шаруашылық пен салалық қауымдастық» ұсынысының негізінде жасалуда. Былтырдың өзінде мемлекеттік қолдауды республика бойынша 4 648 шаруа қожалығы алды. Одан басқа, 2016 жылдан бері «Құлан» бағдарламасы бойынша 6 пайызбен 10 жыл мерзімге жылқы сатып алуға фермерлерге жеңілдетілген несие беріледі. 2018 жылы 512 шаруа қожалығы несие алып, 12 мың бас бие, былтыр 1440 шаруа қожалығы 41 мың бас бие сатып алған.

**Jas qazaq:** «Талпақ танауға» қомақты қаржы бөлінеді деген қаншалықты рас? Шошқа етіне Қытай, Ресей, Еуропадан сұраныс жоғары ма?

**С.Омаров:** Ең бірінші айта кететін болсам, елімізде 2018 жылдан бастап шошқа етін өндіруді субсидиялау тоқтатылды. Осылайша, субсидия көлемі 2 есеге қысқарды. Бірақ отандық шошқа етіне көрші мемлекеттерден сұраныс өте жоғары. Мәселен, АҚШ ауыл шаруашылығы министрлігінің деректеріне сүйенсек, Қытай 2020 жылы 4 млн тонна шошқа етін импорттайды деп болжанған.

(Жалғасы 4-бетте)

## СӨЗ-ЖЕБЕ

Меруерт **ҚАЗЫБЕКОВА**,  
Мәжіліс депутаты:

«Депутаттарға ауруханаға жатудан бас тарту, лық толы емдеу орталықтарындағы тиісті емнің жоқтығы, тіпті медицина қызметкерлерінің өзінде қорғаныш заттарының болмауына қатысты шағым көп түсті. Денсаулық сақтау министрлігінің елде аурухана мен қорғаныс құралдары жеткілікті деген мәлімдемесі сын көтермейді. Шенеуніктер статистикаға жүгінеді. Ал адамдар нақты жағдаймен бетпе-бет келуде. Олар – біздің елдің азаматтары. Мемлекет оларды қорғауға міндетті! Індетпен күреске бөлінген 125 млрд теңге қайда кетті?»



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)  
**41,09**

DOLLAR  
**404,21**

EURO  
**453,85**

РУБЛЬ  
**5,79**

## АДАМ АДАМҒА БАУЫР



ЛОНДОН. ШЕРУДЕ



БИЛІК

Кеше Премьер-Министр Асқар Маминнің төрағалығымен ел аумағында коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі ведомстваралық комиссияның (ВАК) селекторлық отырысы өтті. Онда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, еліміздегі эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру бойынша қосымша шаралар қаралды.

Еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуал туралы денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы Л.Ақтаева, өңірлердегі жағдай

1. Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Шымкент, Павлодар, Екібастұз қалалары бойынша:

- сауда ойын-сауық орталықтарының, сауда үйлерінің, желілік дүкендердің, жабық азық-

3. Өңірлердің бас санитарлық дәрігерлерінің қаулыларына сәйкес, Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Шымкент, Павлодар және Екібастұз қалаларына аумақтық жақын орналасқан туристік аймақтарға кіруге тыйым салу, ал аталған

# ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ ЕНГІЗІЛДІ



туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлтінов, Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев, Шымкент қаласының әкімі М.Әйтенов, Қарағанды облысының әкімі Ж.Қасымбек, Ақмола облысының әкімі Е.Маржыкпаев, Түркістан облысының әкімі Ө.Шөкеев баяндады.

Қазақстанның бірқатар өңірінде эпидемиологиялық жағдайдың өршуін және коронавирус инфекциясымен ауыру көрсеткішінің артуын ескере отырып, ВАК биылғы 20-21 маусым, демалыс күндеріне, мынадай қосымша шектеу шараларын енгізу туралы шешім қабылдады:

КОРОНАВИРУС СТАТИСТИКАСЫ:

| ҚАЗІРГІ АХУАЛ              | ӘЛЕМДЕ    | ЕЛІМІЗДЕ |
|----------------------------|-----------|----------|
| Вирус жұқтырғандар         | 8,418,601 | 15877    |
| Сауығып шыққандар          | 4,430,887 | 9902     |
| Қайтыс болғандар           | 451672    | 100      |
| Ауру бөлгісі білінбегендер |           | 6831     |

түлік және басқа да базарлардың қызметі тоқтатылады;

- қоғамдық тамактану орындары тек далада әрі әлеуметтік арақашықтықты сақтап қана жұмыс істеуі тиіс;
- қоғамдық көліктердің қызметі шектеледі;
- қоғамдық демалыс орындары: парктер, саябақтар, жағалаулар, жағажайлар, аквапарктер қызметі тоқтатылады;
- фитнес-орталықтарының қызметі тоқтатылады;
- 65 жастан асқан адамдардың далаға шығуы шектеледі.

2. Тұрғындарының саны 50 мыңнан асатын елді мекендер бойынша:

- қоғамдық орындардың: парктер, саябақтар, жағалаулар, жағажайлар, аквапарктер жұмысы тоқтатылады;
- 65 жастан асқан адамдардың далаға шығуы шектеледі.

аймақтардағы адамдарға әлеуметтік қашықтықты сақтау қажет.

Үкімет басшысы өңірлердің әкімдіктеріне қысқа мерзім ішінде мына мәселелерді пысықтауды тапсырды:

- медициналық ұйымдар базасында қосымша зертханалар ашу арқылы халықты ППТР-тестілеумен қамтуды кеңейту;
- ауруханаларда инфекциялық және провизорлық орындар санын көбейту;
- меншік нысанына қарамастан, өңірде бар ресурстарды тарта отырып, наукастарды КТ-зерттеумен қамтамасыз ету;
- жедел медициналық жәрдем станцияларының шұғыл және кезек күттірмейтін шақыруларға уақытылы қызмет көрсетуін қамтамасыз ету;
- үйлерінде жатқан пациенттерге амбулаторлық-емханалық көмек деңгейінде сапалы динамикалық бақылау жасау (*қашықтан, мобильді бригадалардың көмегімен*);
- халыққа белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ



ӘБДІҒАНИ БӘЗІЛХАН, мәдениет қайраткері:

«Солтүстік өңірде (*Солтүстік Қазақстан облысында*) орыс жастары, негізінен, Ресейге қоныс аударған. Былтыр ақпан айында Қызылжар өңіріне көшіп барғанымда, далада ойнап жүрген кішкене қызыма орыстың егде адамдары ақша ұстатқанын көріп, біртүрлі болып қалдым. Қайтарып беріп едік, «Балаларымызды, немерелерімізді сағындық. Қасымызда болса, осылай құлдырандап жүрер еді ғой. Шын ниетпен беріп тұрған қолымызды қайтармаңыз. Өз немеремізге балмұздақ алып бергендей, біз де сағынышымызды басайық» деп ағынан жарылды»

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

СОЛТҮСТІККЕ КӨШІП БАРҒАНДАР



(2019 жылғы мәлімет)



Зәуреш АМАНЖОЛОВА, Мәжіліс депутаты:

«Дәрігер ретінде айтарым – бізге екпе қажет. Екпенің әсерінен біз жаңа туылған нәрестелерде кездесетін полиомиелит дертінің алдын алдық. Екпеге деген сенімсіздік осыдан бірнеше жыл бұрынғы сапасы күмен туызыған препараттан басталды. Халықты адастыратын кейбір дәрігерлер жұртқа дұрыс ақпарат бермейді. Сапалы екпе алу үшін, ақылы емханаға барыңыз дейтіндері бар. Тұрғындарға айтарым, ақылы бөлімдегі де, тегін бөлімдегі де екпенің сапасы бір. Олар бір жерден келеді»

## Әлеумет.т<sup>0</sup>



## ЖАСӨСПІРІМДІ ЖАРҒА ИТЕРГЕН

«Қызын үйде, қылығы түзде» деген мәтел бар. Қазір қыз да, ұл да түзге шықпай-ақ, үйде отырып алып «қылық» шығара беретін болды. Бала өсіріп отырған ата-аналардың көбі біле бермейді, ғаламторда FREE FAIR деген ойын бар. Мектеп жасындағы ұлдың күндіз-түні айналысатын ермегі – сол. Қайсы күні әлгінің қандай ойын екенін көрейінші деген оймен, планшетін ақтардым. Сөйтсем, интернет арқылы бір уақытта бірнеше адам ойнайтын, атыс-шабысқа құрылған қатыгез бірдене.

– Мұның несі қызық? – дедім, планшеттің ішіне кіріп алған ұлыма қарап.

– Бір сәтте бірнеше адам ойнай береміз. Дәл қазір Ұзынағаштан Ерасыл, Сарыағаштан Ұлан ағам қосылды. Кластастарымның жартысын қостым. Топты өзім құрғанмын. Бұл өте қызық ойын. Жауларды өлтіресін. Женген жакка очко береді, – деп сарнасын.

Баламның сөзінен түсінгенім, бірнеше адамға арналған, қиян-кескі ұрысқа арналған ойын екен. Бірнеше деңгейге бөлінген ойынның алғашқы бөлімдері тегін көрінеді. Ойын қызып, баланы өзіне тартып алғаннан кейін ақылы болады. Оны да ұлымнан сұрап білдім.

– Ақша сұраса, қайтесің? – дедім тамырын басып.

– Ақылысын ойнамаймын, – деп қояды. Әй, қайдам?! Ойынға басы кетіп қалған адам не істемейді? Қазіргі балалар бәрін біледі. Әлгі ойынның ақылы бөлімінде карточка номерін сұрайды екен. Кім білсін, бір күні балаңыз ойынның қызығына кіргенде, айлық алып жүрген карточқаныздың іші бос болып тұрмасын?!

Ондай жағдай өте көп. Балалардың интернет ойынға қатты құныққанын білетін «пысықтар» қазір әртүрлі амал-айламен ақша тауып немесе қылмыс жасауға әуестенген. Әңгімемізді баламыздың құмарынан бастап, көпке созып алсақ, айып етпессіздер. Негізгі әңгімеге оралайық!

Түркістан облысында жасөспірімдерге арналған суицид топтың «кураторы» құрықталыпты. «Кураторы» деп ойында ұйымдастырған, топты құрушы адамды айтып отырмыз. Біз Түркістан облыстық полиция департаментінің баспасөз хатшысы Салтанат Қарақөзоваға хабарластық. С.Қарақөзованың айтуынша, интернетке мониторинг жүргізген ішкі істер министрлігінің криминалдық полиция мен тергеу қызметкерлері көмелетке толмаған жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсау сипатындағы топ құрғаны туралы ақпарат алыпты. Сөйтіп Түркістан облысы полиция департаментінің қызметкерлерінен арнайы жедел-тергеу тобы құрылады. Полиция қызметкерлері әрі қарай тексеру жұмысын жүргізу кезінде интернет желісіндегі ұйымдастырушының аты-жөні мен мекен-жайын анықтайды. Күдікті Арыс қаласының тұрғыны болып шығады. Оны тінту кезінде ноутбук, ұялы телефон, үш қорап sim-карта, басқа да заттай дәлел алынады. Жап-жас жігіт телефоннан суицидке бағытталған телеграм-арна ашып, сол арқылы жұмыс істеген.

Қазіргі уақытта аталған жайт «адам өлтіруге оқталу» деп тіркеліп, сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп жатыр. Сот санкциясымен күдікті қамауға алыныпты.

ІІМ криминалдық полиция департаментінің бастығы Думан Таев «Полиция қызметкерлері істің толық мән-жайын тексеріп жатыр. Сондай-ақ жасөспірімдерді осындай өлімге әкелетін ойындарға қатысы бар адамдарды, телеграм-арнасындағы қатысушыларының өздерін де анықтайды», – деді.

Тергеу кезінде журналистерге ешқандай ақпарат таратылмайтынын білеміз. Алайда құзырлы мекемелер күдіктінің не үшін әлеуметтік желіде топ құрғанын, не үшін жасөспірімдерді суицидке итермелегенін, оның артында кімдердің, қандай топтардың тұрғанын анықтаса екен дейміз.

Жарас КЕМЕЛЖАН



Аптаның ұсынысы



Дидар СМАҒҰЛОВ, Ұлттық тестілеу орталығының директоры:

«Ұлттық біліктілік тестілеуінде тыйым салынған заттарды пайдаланған мұғалімдерге қатысты бейнеролик шығарып, әлеуметтік желілер арқылы таратуды ұсынамыз. Өйткені сөзбен де айттық, жиналыстарда да ескерттік. Тестілеу өтетін жерге білім басқармаларының өкілдері де келеді. Бірақ, өкінішке қарай, жағдайдың жақсаратын түрі жоқ. Мұғалімдер тыйым салынған заттарды қолдануға тырысады. Сондықтан біздің ұсынысымыз, нақты фактілер бойынша қай облыстың мұғалімі екендігін көрсетіп, бейнероликтер таратсақ»



## Мәселенің мәнісі

Былтырдан бері Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында рұқсат етілмеген митингіге негізінен әйелдер қауымы шығып жүр. Әлеуметтік желіде әйелдерін көшеге шығарып, өздері үйінде бұғып қалатын еркектер туралы әртүрлі еңгіме тарауда. Қазақы ұғыммен қарасаңыз да, бұл біздің түсінігімізге томпақтау келетіндей. Қай заманда, қай қазықты көрдіңіз, әйелін соғысқа жіберіп, өзі үйінде қалған? Екіншіден, ереуілге шыққан сол әйелдердің бәрі дерлік баспанасыз, көпбалалы ана ма? Осындай басы ашылмаған сауалдарды біз Нұр-Сұлтан қаласында ереуілші аналардың мәселесімен тікелей айналысатын шаһар басшысының кеңесшісі, саясаттанушы Дәурен Бабаұратқа қойып көрдік.



Дәурен БАБАМҰРАТ:

# АРАЛАРЫНДА ҮЙІ БАР ӘЙЕЛДЕР ЖҮР

**Jas qazaq:** Дәурен мырза, өткен аптада Нұр-Сұлтанда бірнеше әйел аштық жариялап, митингіге шықты. Сіз олардың бәрімен кездескеніңізді, бәрімен таныс екеніңізді айттыңыз. Тіпті кейбіреуін 13-14 рет қабылдапсыз. Сонда олардың қандай мәселесі шешімін таппай жатыр?

**Д.Бабаұрат:** Негізгі мәселе — баспана. Өзіңіз білесіз, былтыр, «Көпбалалы аналар» категориясы жеке үй кезегіне тұру мүмкіндігін алды. Көпшілік аналар сәйкесінше үй кезегіне 2019-2020 жылдары тұрған, соның ішінде өткен аптада митингіге шыққан аналар да бар. Бірақ бір нәрсені түсіну керек.

технология әлемде бұрыннан бар деседі. Бұл сол ойынның бір көрінісі емес пе?

**Д.Бабаұрат:** Жок, аналардың көпшілігін танымын, құнара келетіндері бар, басым бөлігі саяси ойындардан аулақ. Олар көбінесе тұрмыстық тақырыптармен келеді. Бірақ арандап қалу қаупі жоқ емес. Оны өздеріне де жиі айтамын. Кейде кейбірін беймәлім чаттарға қосып, арандату мақсатында заңсыз әрекеттерге итермелеп жатқан жағдайлар туралы өздері де айтып жатады. Қала әкімдігі есігін қағып келген әрбір азаматты тыңдап, оның мұң-мұқтажына қатысты заң аясында көмек беруге дайын. Бірақ заң бұзылып, заңға қайшы әрекет орын алған жағдайда әкімшілік дәрменсіз. Одан кейінгі шаруа құқық қорғау органдарының қызметіне қатысты.

**Jas qazaq:** Әйелдерін «алдыңғы шепке» жіберіп, өздері бұғып жататын еркектер кімдер? Жұмыс істей ме, әлде көпбалалы ана ретінде әйелі алатын әлеуметтік көмектің тиын-тебенін ішіп-жеп үйлерінде жата ма?

**Д.Бабаұрат:** Бұл аналар үшін де, біз үшін де ең ауыр сұрақ. Кейбір көпбалалы

аналар жалғызбасты, бұрынғы күйеулері не алимент төлемейді, не бала бағыспайды немесе қайтыс болған. Заңсыз митинг болған соң, ол жердегі болып жатқан дүние блогерге де, журналистке де, қарапайым адамға да қызық. Жағдайдан хайп жасап, тырнақ астынан кір іздейтіндер де жоқ емес. Сол кезде барлық сұрақ қоюшы, осы аналардың ер-азаматын сұрайды. Әдетте, алдымызға өз мәселесімен келген адамнан біз «күйеуіңіз бар ма?» деп қана сұраймыз. Ары қарай тергеуге біздің құқығымыз жоқ. Әркім өзі үшін өзі жауапты.

Жарас КЕМЕЛЖАН

## Өзекті

(Басы 1-бетте)

# САЛҒЫРТТЫҚ КОРОНАВИРУСТАН ҚАУІПТІ

Екінші барған тұрмыстық заттар сататын дүкендегі жағдай да осы сынайда. Касса алдында иін тірескен адам. Әлеуметтік қашықтық дегенді мүлде естімегендей. Бір-бірінің желкесіне демалып тұрғандар тар жерде вирустың жұғу қаупі жоғары екенін қаперіне алмайтындай. Сатушының өзі ырмын жасап, медициналық бетпердені жұғылай таққан. Антипендік мұражай жәдігеріндей «бізде бар» деп көрсету үшін ғана тұр. Ешкім пайдаланбасын деді ме, жоғарырақ қойған. Күн сайын қызметкерлердің дене қызуы жазылатын дәптердің ақ қағазын түссіз сиямен толтырмаса, ешнәрсе таппадық.

Занбұзушылық ырғын екенін ентіге жетіп естіген, басы салбырап түсінген дүкен қожайыны «жаздым, жаңылдым, енді қайталанбайды» деп, сол сәтте қаһарлы көрінген эпидемиологтар алдында жайламан болды. Олқылықтың орнын толтырғанша сауда нысаны жабылды. Тұрғындар көп жүретін ірі супермаркеттердегі ахуал да көңіл көншітпейді. Негізгі сорақылық, жақындаса тез өгіп кетемін дей ме екен, тұтынушылар касса алдында сығылысып тұр. Тексерушілер ішке кіргенде бір-ақ супермаркеттің шолақ белсенді күзетшілерінің «қашықтық сақтандар!» деген дауысы саңқ етті. Оған пысықраған жан жоқ.

Санитарлар мұндай жерлерді күн сайын аралайды. Он дүкеннің кемі



сегізінде осындай занбұзушылықтар шығатынын айтады. Хаттама толтырып, сотқа жолдайды. Судья занбұзушылықтың салмағына байланысты айыппұл салады. Бірақ тәртіп бұзған дүкен, я мейрамхананың бұл қателікті екінші қайталамасына еш кепіл жоқ.

Қарап тұрып ойға кеттім. Коронавирустан қорғану алдымен өзімізге қажет болмаса кімге керек? Индетпен күреске миллиардтап бөлінген ақшадан не қайыр, егер өзіміз қарапайым қорғануға немқұрайлы қарасак? Әлде вирустың шынында да, қауіпті екенін дәлелдеу үшін сіз танитын

біреу ауыруы тиіс пе? Қазак «сақтансан, сақтайды» деп бекер айтағанын басқа түскен осы баспакшыл кезеңде шын түсініп жатырмыз. Өзгеге сілтемей, алдымен өзіміз талапты орындасақ, индет іргесін алыс салар күн де қашық болмас. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген тәмсілді тұмар еткен текті ұлттың ұрпағымыз ғой. Бір-бірімізге жанымыз ашып, сынақтан аман өту үшін бар болғаны сіз бен біздің коронавируска қатысты сақтық шарасын мұлтіксіз орындауымыз шарт.

Аскарбек ҚАЗАНҒАП

# QOĞAM



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

## Білім

(Басы 1-бетте)

**Jas qazaq:** Жексен мырза, сіздің химия саласы бойынша білікті маман, белгілі ғалым екеніңізді білеміз. Осы салада біздің елде игерілмей, қолға алынбай жатқан қандай мүмкіндіктер бар?

**Ж.Тоқтарбай:** Ондай мүмкіндіктер өте көп. Бірақ бәрі өндіріске барып тіреледі. Өндіріс болмаған соң, мүмкіндік те шектеулі. Қайсыбірін айтайын? Тіпті химия саласы бойынша атқарылмай жатқан мүмкіндік дегеннен гөрі, атқарылып жатқан мүмкіндік бар ма деп сұрағаныңыз дұрыс сияқты. Өйткені бізде ешқандай өндіріс жоқ қой.

**Jas qazaq:** Бұрын өнертапқыштар мемлекеттен қолдау жоқ, патент бермейді деп жылап жүретін. Сіздің сала бойынша теңдессіз жаңалық ашып, сонысын көдеге жарата алмай жүрген ғалымдар бар ма?

**Ж.Тоқтарбай:** Патент деген көп қой. Бізде ғалымдардың бәрінде патент бар. Патенті жоқ ғалым жоқ шығар. Бірақ одан не пайда? Патент өндіріске еңбеген соң, оның көк тиындық құны болмайды. Әрине,

Жексен ТОҚТАРБАЙ, химия ғылымдарының PhD докторанты:

# ЖУРНАЛҒА ШЫҚСАҢ ҒАЛЫМСЫҢ, ӘЙТПЕСЕ, КӨПТІҢ БІРІСІҢ


арасында жақсы патенттер де бар. Өндіріске еңсе, көлімгідей пайда әкелетіндері жоқ емес. Ондай өндіріс біздің елде болмаса, оны қандай өндіріске енгізесің?

Патенттің көбі белгілі бір жұмыс барысын жеңілдетуге немесе жақсартуға бағытталған. Ол патент өндіріске ену үшін оны сынақтан өткізіп көретін өндіріс болу керек, яғни көз жеткізетін. Сондықтан ғылым мен өндіріс егіз нәрсе дейтініміз сол.

Мысалы, өндірісі жақсы дамыған елдерде ғылымды тек мемлекет емес, жеке өндіріс орындары да қаржыландырады. Сол арқылы өздеріне қажетті тауарды ғалымдарға ақша құю арқылы өз ойындағыдай етіп жасап алады. Сондықтан ғылымды дамыған елдің өндірісі

журналға ақылы түрде мақала шығару қажет. Былай қарап тұрсаныз, қып-қызыл шығын. Өз ғалымдарымызға жетекші болатын адам өзімізде жоқ па? Шетелдің журналына шықпаса, ғалым — ғалым болмай, білім — білім болмай қала ма? Мәселен, сізге сол шетелдегі белгілі журналдан авторлардың мақаласын оқып-тексеріп беруге тапсырыс түсіпті ғой...

**Ж.Тоқтарбай:** Негізгі, PhD деген ол халықаралық талап (*стандарт*) қой. Одан біз аттап кете алмаймыз. Сондықтан PhD-ге түсем деген адам сол халықаралық талапқа сай болуы керек. Мысалы, ағылшын тілін жақсы білу керек. Біздегі ғылымның нашар дамып жатқан себебінің бірі осы: көптеген ғалымдарымыз ағылшын тілін білмейді. Кейбіреулері тіпті мұны мойындамайды.



дамиды, өндірісі дамыған елдің ғылымы дамиды. Бұл дамыған елдерде жүйелі жолға қойылған.

**Jas qazaq:** Өз елімізде жұмыс таба алмай шетелге кеткен, сол жақтан жақсы жұмыс тапқан ғалымдардан таныстарыңыз бар ма? Оларды қайтадан шақыруға не кедергі, неге келмейді?

**Ж.Тоқтарбай:** Мен олардың кеткеніне де, елде қалғанына қарсы емеспін. Әркім өзі біледі. Шыны керек, бізде оларға шетелдегідей жағдай жасап бере алмайды. Егер ондай талантты ғалымдарға шетелдегідей жақсы жағдай жасап берсе, бәрі қайтып келетін еді. Өз елінде, өз жерінде жүргенге, өз Отанына, өз ұлтына қызмет еткенге не жетсін? Оларда еріккенімен, болмаса, өз елін менсінбегенінен кетпейді ғой. Ата-ана, туыс-туғандарын тастап шетелде жүру кім-кімге болса да, қиын. Ондай таныстарым өте көп. Түрлі мамандық бойынша әртүрлі елдерде жүргендер баршылық. Бәрі аман болсын! «Неге келмейсің, не кедергі?» деп ақыл айтуға да хақым жоқ. Жағдай онсыз да түсінікті.

**Jas qazaq:** Ғылым дегеннен шығады, диплом жұмысын, магистратура немесе PhD-докторлық диссертациялық жұмысын басқа біреуге жаздыратындар отандық ғылымды алға сүйрей ала ма? Ондай «ғалымдар» бар екені жасырын емес қой. Сізге де «заказ» беріп тұратындар болатын шығар?

**Ж.Тоқтарбай:** Қазір осы PhD-ге соңғы кездері грант көп бөлініп жатыр. Әр университет өздеріне берілген гранттан ажырап қалмау үшін жанталаса PhD қабылдап алады. Әрине, PhD-ге түсу оңай, бірақ оны қорғау қиын. Ол үшін көп еңбектену керек. Ал дайын грантка қызыққан жастар докторантураға стипендиясы үшін түсіп алады. Себебі докторанттың стипендиясы мұғалімнің бір айлық жалақысымен тең. Тегін ақша, жұмыс істеп бас қатырып жатқан жоқ. Әрине, оған бәрі қызығады. Қызығып түсіп алады да, диссертация

Алайда мойындаса да, мойындамаса да, шындық осы. Ағылшын тілі қазір ғылым мен техниканың тілі. Ол тілмен бүкіл әлем ғылымын дамытып, техникасын өрістетіп отыр. Олардың ғылымымен танысу үшін, білу, үйрену үшін ағылшын тілін білген жөн.

Негізгі шетелден жетекші табудың еш зияны жоқ. Докторант ағылшын тілін біліп, сол елдің ғылым-білімімен танысады. Сол жерде қажетті іс-тәжірибеден өтеді. Ой-өрісі дамып, көзі ашылып қайтады. Бірақ оның сол шетелдегі жетекшісіне төлейтін ақшаның көлемі өте аз. Оны бергеннен де бермеген артық.

Докторант жұмысын қорғау үшін кем дегенде бір мақаласы импакт-факторлы журналда жарық көруі тиіс. Ол да өте дұрыс нәрсе. PhD дегеніміз — халықаралық стандарт болғандықтан, докторант кез келген шетелдің докторанттарымен, ғалымдарымен бөсекке түсе алатындай болу керек. Ол бөсеке деген өзіміз айтып отырған журналдарда. Ол импакт-факторлы журналдарға әлемдегі барлық елдің ғалымдары мақала береді. Журналдың редакторлары мақаланы таңдап алып, ішіндегі ең жақсыларын ғана шығарады. Сондықтан ол деген қып-қызыл бөсеке. Сол бөсекеден өтіп, мақала баспа бетің көрс, халықаралық деңгейдегі ғалымсың. Олай болмаса, көптің бірісің.

Әлемдік деңгейдегі, ең мықты журналдарға мақала шығару үшін сіздің мақаланызды кем дегенде екі мықты маманға тексертеді. Сол мамандардың айтуы бойынша, түзетесін немесе мақалан қабылданбайды. Шетелдің мықты журналдарына келген мақалаға тексеруші (*рецензент*) болатын Қазақстан ғалымдары да бар, әрине. Мысалы, менде сондай тексерушімін. Біз де шетелдіктердің мақаласын халықаралық талапқа сай тексереміз.

Жарас КЕМЕЛЖАН





E-mail: [jasqazaq2019@mail.ru](mailto:jasqazaq2019@mail.ru)

[www.jasqazaq.kz](http://www.jasqazaq.kz)

# NARYQ

## Сәті түскен сұхбат

(Басы 1-бетте)

Осындай алпауыт нарықта сұраныс бар кезде, мал шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру, оның ішінде шошқа шаруашылығына да қолдау керек. Бүгінде республика бойынша



Сапархан ОМАРОВ:

# ҚЫЛШЫҚ ЖҮНДІ ӨҢДЕЙТІН ТЕХНОЛОГИЯ ЖОҚ

өнімділікті молайту мақсатында селекциялық және шошқа тұқымын асылдандыру үшін субсидия беріледі. Себебі, елімізде асыл тұқымды шошқа жоқтың қасы. Мәселен, импортталған асыл тұқымды аналық шошқаны сатып алуға 140 мың теңге субсидия беріледі. Бұл субсидия көлемі мал басының нарықтағы бағасы негізінде қалыптасып отыр. Мысалы, асыл тұқымды шошқаның орташа бағасы 450 мың теңгеден асады. Өткен жылы еліміз бойынша бір ғана шаруашылық импортталған 6 бас үшін 840 мың теңге субсидия алды. Қабылданған шара есебінен шошқа басының саны (2019 жылға дейін шошқа басының төмендеу үрдісі белгіленді) және шошқа етін экспорттау көлемі артты. Егер 2017 жылы шошқа етінің экспорты 303,5 тоннаны құраса, 2019 жылы 794 тоннаны құрады, яғни өсім 2,6 есе артты деген сөз. Шошқа етін ішкі тұтыну үлесі 2017 жылмен салыстырғанда 8 пайызға төмендеді, ол 87 мың тоннаны құрады.

**Jas qazaq:** Ауыл шаруашылығы министрлігі 2016 жылдан бастап жылына 60 мың тонна



ет экспорттаймыз деген еді. Бұл жоспардың орындалуы қалай?

**С.Омаров:** 2019 жылдың қорытындысы бойынша 64 мың тонна ет экспортталды. Оның ішінде 51 мың тоннасы — сиыр еті. Бұл ретте үкімет алдында фермерлерді несиелеу есебінен ірі қара малдың аналық басын өсіру арқылы — ет экспортын арттыру, аналық мал басын тұқымдық қайта құру есебінен — мал басының өнімділігін арттыру, өнеркәсіптік бордақылау алаңдары мен ет комбинаттарына бұқа тапсыру арқылы — сиыр етін өндіру тізбегін дамыту міндеті тұр. Айта кету керек, негізгі еклін транзсілттық компанияларды тарта отырып, зәкірлік кооперацияны дамытуға жасалатын болады. Сонымен қатар, коронавирус инфекциясының өршуіне байланысты төтенше жағдай режимін енгізумен елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі өткір болды. Сондықтан, министрліктің алдында ішкі нарықты азық-түлікпен толықтыру міндеті де бар. Осылайша, биыл сәуір айынан бастап шетелдерге мал шығаруға алты айлық тыйым салынды.

**Jas qazaq:** Орайы келгенде сұрай кетейік. Осы біздің елде қойдың жүні неге арзан? Тері мен ішек-қарын неге көдеге жаратылмайды?

**С.Омаров:** Еліміз бойынша 12 кәсіпорын бар. Оның ішінде 4 кәсіпорынның биязы жүнді өңдеуге мүмкіндігі бар, қалған кәсіпорындар — кеңес доуірінен сақталған, жаңғыртуды талап ететін жабдықтары мен технологиялары бар

етік-кақтау фабрикалары. Олардың негізгі өнімдері пима, ұлтарақ, киіз шығару. Ал былғары шикізатын өңдеумен 10 кәсіпорын айналысады. Жылына 3 млн дана теріні өңдей алады. Біздегі кәсіпорындардың қуаты барлық ірі қара малдың терісін өңдеуге мүмкіншілігі еркін жетеді. Кәсіпорындар 1 келі жүнді 120-180 теңгеге сатып алса, оның мезгілдік бағасы 270 теңгеге дейін жетеді. Ірі жүннің орташа сатып алу бағасы 80-100 теңгеге дейін, биязы жүн 500-600 теңге шамасында. Елімізде биязы жүн ғана өңделеді. Қылшық жүнді өңдейтін заманауи технология жоқ. Ал импортталатын өнім қылшық жүннен жасалады. Мысалы: иірімжіп, мата және кілем бұйымдары қылшық жүннен өндіріледі.

**Jas qazaq:** Жүнді өңдеуге не кедергі сонда? **С.Омаров:** Оған себеп болып отырған бірнеше фактор бар. Мысалы, қой ұсақ шаруа қожалықтарында шоғырланған. Айталық, жалпы қойдың 56 пайызы жеке шаруашылықтарға тиесілі болғандықтан, мал дәрігерлік талаптың орындалмауы, селекциялық жұмысқа тиісті назар аударылмауы, теріні механикалық жолмен сыпырудың жоқтығы, былғары шикізаты сапасының төмендеуіне әкеп соғады...

**Jas qazaq:** Зоотехник, ветеринар, агроном мамандығын алғандарға «Дипломмен ауылға» бағдарламасы жүрмейді деген сөз бар. Осы қаншалықты рас?

**С.Омаров:** Негізі «Дипломмен ауылға» бағдарламасын үйлестіруші орган — білім және

ғылым министрлігі мен ұлттық экономика министрлігі. Бұрынғы заң бойынша педагогика, медицина, ветеринария мамандықтары ғана «Дипломмен ауылға» бара алатын болса, қазір оған ауыл шаруашылығы мамандары қосылды. Бір реттік жәрдемақы мөлшері 100 айлық есептік көрсеткішке дейін көтерілді. Бұл талап ауыл тұрғындарының арасында ветеринария және ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша оқуды аяқтаған жас түлектерге жұмыс табуға және өңірлерді кадрлармен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

**Jas qazaq:** Ауыл шаруашылығы саласында пайдаланылмай жатқан қандай мүмкіндіктер бар?

**С.Омаров:** Пайдаланылмай жатқан мүмкіндігіміз көп. Тұтастай алғанда, біздің елімізді әлемдік азық-түлік хабына айналдыруға болады. Ол үшін басты назарды — ет, сүт, жеміс-көкөніс, дәмді және майлы дақылдарды қайта өңдеу сияқты ірі экожүйелерді құруға, оны дамытуға бағыттау қажет. Сонымен қатар ауыл шаруашылығында

енбек өнімділігін арттыру үшін техникалық және технологиялық тұрғыда қайта жарактандыруға баса назар аудару қажет. Өсімдік шаруашылығында ең алдымен — сапалы тұқым, тынайықшыты қолдану және заманауи техника сатып алу керек. Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді арттыру мүмкіндігі бар. Ол тек тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары үшін ғана емес, қарапайым фермерлер мен ауыл шаруашылығы



кәсіпорындары үшін де кірісті арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы агроөнеркәсіптік кешенде қосылған құны неғұрлым жоғары өнімді экспорттау бағыттарынан кетуге мүмкіндік бар.

**Jas qazaq:** Әңгіменізге рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН

## Тұйтқіл

# ТЕМІРЖОЛДАҒЫ ТАРИФТІҢ ҚЫМБАТТАУЫ ШЫҒЫНДЫ КҮРТ ӨСІРЕДІ

Жақында ҚТЖ үкіметке бірнеше өтініш білдірді. Олардың ішінде біріздендірілген тарифті белгілеу қағидаларын өзгерту де бар. Бұл жүк тасымалына, ЕАЭО елдерінің арасындағы транзитке да қатысты. Нақтырақ айтатын болсақ, қазірде ішкі және экспорттық жеке тарифтердің орнына ЕАЭО шеңберінде жүк тасымалдауға бірегей біріздендірілген тариф белгіленген.

ЕАЭО соты Үлкен алқасының түсіндіруінше, біріздендірудің мәні мынада: мүше мемлекеттер келісімге келе отырып, теміржол тасымалы саласындағы протекционизмнен ерікті түрде бас тартты. Енді біріздендірілген тарифті әрбір ел өз бетінше, бірақ белгілі бір шектеулердің шеңберінде белгілейді.

## Жүк тасымалына қатысты теміржол тарифтері 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап біріздендірілді

| Единые унифицированные тарифы для экспортных, импортных и внутригосударственных перевозок установленные в РК, РФ и Белоруссии с 1 января 2013 года | Наименование групп                | Действительный с 01.01.2013 года |             | Действительный с 1 января 2013 года |             | Коэффициент изменения |             |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------|----------------------------------|-------------|-------------------------------------|-------------|-----------------------|-------------|
|                                                                                                                                                    |                                   | тариф                            | коэффициент | тариф                               | коэффициент | тариф                 | коэффициент |
| Уровни унифицированных тарифов определены государствами самостоятельно                                                                             | Уголь                             | 1027                             | 1329        | 1126                                | 1209        | 1,18                  | 0,91        |
|                                                                                                                                                    | Железные руды                     | 1150                             | 1372        | 1257                                | 1383        | 1,20                  | 1,01        |
|                                                                                                                                                    | Нефтепродукты на экспорт          | 3849                             | 13064       | 3840                                | 4766        | 1,86                  | 0,62        |
|                                                                                                                                                    | Нефтепродукты на импорт           | 3840                             |             | 4766                                |             |                       |             |
|                                                                                                                                                    | Нефть сырая                       | 4370                             | 10751       | 5198                                | 10715       | 2,41                  | 0,98        |
|                                                                                                                                                    | Нефть сырая на экспорт            | 6285                             |             | 10715                               |             |                       | 1,67        |
|                                                                                                                                                    | Сжиженный газ                     | 5447                             | 5981        | 5855                                | 6601        | 1,21                  | 1,10        |
|                                                                                                                                                    | Центнафты                         | 1236                             | 1570        | 1581                                | 1538        | 1,14                  | 0,98        |
|                                                                                                                                                    | Зерно                             | 1608                             | 1608        | 1605                                | 1536        | 1,24                  | 0,98        |
|                                                                                                                                                    | Строительные грузы                | 2386                             | 2442        | 2442                                | 2647        | 1,12                  | 1,09        |
| Унификация в РК была достигнута путем повышения всех внутренних тарифов на перевозку грузов (за исключением контейнеров).                          | Черные и цветные металлы          | 2444                             | 2447        | 2447                                | 3825        | 1,11                  | 1,10        |
|                                                                                                                                                    | Лес черных металлов               | 3947                             | 4038        | 4038                                | 4454        | 1,12                  | 1,10        |
|                                                                                                                                                    | Хлеб, мука, зернобобовые          | 1402                             | 1445        | 1445                                | 1499        | 1,11                  | 1,10        |
|                                                                                                                                                    | Химикаты и сырь                   | 1516                             | 1563        | 1563                                | 1621        | 1,07                  | 1,04        |
|                                                                                                                                                    | Контейнерные перевозки (20 футов) | 4671                             | 4671        | 4671                                | 4587        | 0,98                  | 0,98        |
|                                                                                                                                                    | Прочие грузы                      | 1353                             | 1524        | 1524                                | 1548        | 1,14                  | 1,02        |
|                                                                                                                                                    |                                   |                                  |             |                                     |             |                       |             |
|                                                                                                                                                    |                                   |                                  |             |                                     |             |                       |             |
|                                                                                                                                                    |                                   |                                  |             |                                     |             |                       |             |
|                                                                                                                                                    |                                   |                                  |             |                                     |             |                       |             |

Сол біріздендірілген тариф ҚТЖ-нің көңілінен шықпай отыр.

## РЕСЕЙЛІК ҮЛГІ ДӘЛЕЛ БОЛА АЛМАЙДЫ

Біріншіден, «біріздендірілген тарифтің шекті деңгейін бекіту бойынша Табиғи монополидарды реттеу комитетіне арналған негіздер тізбесін кеңейтуді» сұрады. Екіншіден, ең бастысы — біріздендірілген тарифті барлық бағыттар бойынша транзиттік деңгейге дейін арттыру. Транзиттік тариф айтарлықтай жоғары. Оны Өзбекстан ЕАЭО-ға кіргенге дейін, тез арада жүргізу керек. Өйткені біздің аумақтан, соның ішінде теміржол арқылы көп көлемде өзбек жүктері тасымалданады.

Техникалық тұрғыдан бұл арттыру/төмендету коэффициенттерін енгізу секілді көрінуі керек.

Бұған дәлел ретінде ресейліктерге сілтеме жасайды. Мысалы, «Ресей теміржолдары» тарифке Ресей Федерациясының порт маңындағы стансалар мен құрлықтағы шекара өткелдері арқылы экспорттық тасымалдардың үстемесін де қосқан.

Бұдан басқа, РТЖ жүктерді тасымалдауға арналған біріздендірілген тарифтің деңгейін өз бетімен (белгіленген баға шектері шеңберінде болса да) өзгертуге құқылы. Олар өздерінің жүк жөнелтушілерінің мүддесіне қарай түрлі коэффициенттер белгілеп, біріздендірілген тарифті өз пайдасына асырады.

## ЕАЭО-мен келісім 24-қосымша — Үйлестірілген көлік саясаты туралы протокол

|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Пункт 9                      | с целью повышения конкурентоспособности железнодорожного транспорта государства членами, создавая благоприятные условия для осуществления перевозок грузов железнодорожным транспортом, привлечение новых грузовладельцев, равно не осуществляющих железнодорожным транспортом, обеспечение возможности использования неэксплуатированных или мало задействованных мощностей, стимулирования роста объема перевозок грузов по железным дорогам государства членами |
|                              | Стимулирование развития новых видов и технологий организации железнодорожного транспорта предоставляет право принимать, исходя из экономических возможностей, решение об изменении тарифов на услуги железнодорожного транспорта по перевозке грузов в рамках предельных уровней (ценных пределов), установленных или согласованных участниками организации государства членами в соответствии с законодательством государства членами.                            |
| Разъяснение Большой коллегии | Пункт 9 предоставляет право организации железнодорожного транспорта принимать решение об изменении тарифов на услуги железнодорожного транспорта по перевозке грузов в рамках предельных уровней (ценных пределов), установленных или согласованных участниками организации государства членами в соответствии с законодательством государства членами.                                                                                                            |
| Суд                          | Вместе с тем, когда транспортный проект организации железнодорожного транспорта может использоваться также для достижения строго определенных целей                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| ЕАЭС                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |

Алайда Ресей компаниясының мұндай әрекеттері Достастықтың құжаттарына қайшы келеді. Егер біздің бизнесіміз де осындай қадамдарға барса, ол да келісімді бұзушыға айналады.

Атап айтқанда, теміржол көлігі қызметтеріне қол жеткізуді реттеу тәртібінің 8-тармағында мүше мемлекеттердің аумақтары бойынша теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде қатынас түрлері бойынша (экспорттық, импорттық және мемлекет ішкілік тарифтер) кез келген коэффициентсіз біріздендірілген тарифтер қолданылады деп айтылған.

## Сот шешімі

Осы аптада Швецияның Свеаланд апелляциялық соты Анато́л және Габриэль Статиге қарсы істе шешімді еліміздің пайдасына шығарды. Сот шешіміне сәйкес, Ұлттық қордың 83 млн доллар көлеміндегі активі бұғаттан босатылады.

# СТАТИ ІСІНДЕГІ ТАҒЫ БІР ЖЕҢІС

Ұлттық банк мәлімдегендей, швед соты осы істі 2018 жылдан бері қарастырып келеді. Сотқа бұл тартпас дәлел мен айғақтар, соның ішінде Ұлттық банк төрағасының орынбасары Әлия Молдабекованың куәгерлік жауабы, ағылшын, швед және қазақстандық құқық сарапшыларының қорытындысы тапсырылды. Процесске қатысу үшін белгілі FrankAdvokatbyгa заң фирмасы тартылды.

Процесс барысында Ұлттық банк әкелі-балалы Статилер келтірген деректердің негізсіз екенін дәлелдеп, өз активтері 2004 жылғы 2 желтоқсанда БҰҰ Конвенциясында бекітілген халықаралық қағидаттарға сай иммунитетке не екенін алға тартты.

Бұдан басқа, швед соты Статилерге Ұлттық банк пен Қазақстанның сот

шығындарын толық көлемде төлеп беруін міндеттеді. Мұндай шешім шығару Швецияның сот тәжірибесінде сирек кездесетін көрінеді.

Ұлттық банк атап көрсеткендей, Ұлттық қор активтеріндегі 83 млн долларды бұғаттан шешу — Статилерге қарсы ұзаққа созылған сот қарауының маңызды бір бөлігі.

Еске түсірсек, биылғы 22 сәуірде Англияның Жоғарғы соты Статилер келтірген айғақты жокқа шығарып, істі

еліміздің пайдасына шешкен-тұғын. Сол кезде судья Тир Қазақстан Ұлттық банкі Анато́л және Габриэль Статилердің шағымы бойынша жауапқа тартыла алмайды деген қорытындыға келген.

7 мамырда Англияның Жоғарғы соты оларға Ұлттық банк пен Қазақстанның сот шығындарын өтеуді міндеттеді. Сөйтіп Статилер 1 маусымға дейін шығынның бір бөлігін, яғни 780 млн теңге төлеуі керек еді. Шығынның қалған бөлігі жыл соңына дейін төленуі тиіс.




## ТАРИФТЕР ЕКІ ЕСЕГЕ КӨТЕРІЛУІ МҮМКІН

Өз коэффициенттерін енгізу кезінде ресейліктер жүк жөнелтушілердің мүдделерін басшылыққа алғанын түсіну керек. Мысалы, Ресейің Кемерово облысындағы Кузбасс көмірін өндірушілердің жүгін тасымалдау кезінде төмендетілген коэффициент қолданылады, ал Қазақстаннан көміріне мұндай жеңілдік жасалмайды. Ал өз аумағында басқаларына зиян келтіре отырып, бір қатысушыны қолдау ЕАЭО туралы шарттың ережелеріне қайшы келеді.

Яғни Қазақстанда осындай тәжірибені қайталау туралы өтініш Одақтың негізгі мақсаты — тауарлардың, қызметтердің, капиталдың және еңбек ресурстарының бірінғай нарығын қалыптастыру талабына қайшы келеді.

Егер көлік қызметтерін алатын болсақ, ортақ нарықты қалыптастыруға біріздендірілген тарифтер негіз болды.

## ҚР және РФ-дағы теміржол көлігімен жүк тасымалдау тарифтерін салыстыру



Бұл қағиданы бұзу біздің өндірушілерге қалай әсеретуі мүмкін? Біріншіден барлық бағыт бойынша тасымалдау шығыны өседі. Тіпті бірнеше есеге өседі. Мысалы, алдын ала жасалған бағалау бойынша көмір мен темір кені шикізатын тасымалдаудың тарифтері 1,7-2 есеге (тіпті әлеуетті жеңілдікті ескере отырып) көтерілуі мүмкін. Егер Ресейлік тарап коэффициентті көтерсе, бұл біздің экспорттық өнімінің бәсекеге қабілеттілігіне үлкен соққы болады. ҚТЖ Қазақстанда біріздендірілген тарифтерен төменгі деңгейде деген тағы бір дәлел келтіреді. Бірақ бұл қате пікір. Орташа есеппен біздің еліміз бен Ресейдегі біріздендірілген тарифтер сәйкес деңгейде.

## МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУДАН БАС ТARTYҒA БОЛМАЙДЫ

Жоғары айтылғандардан келесідей қорытынды шығаруға болады.

- ЕАЭО туралы шартқа сәйкес жүктасымалы кезінде теміржол қатынасы түрлері бойынша біріздендірілген тарифтерді қолдану — мемлекеттердің міндеті.
- Сараланған (жоғары) тарифтерді енгізу ЕАЭО туралы шарттың теміржол көлігі саласындағы міндеттемелеріне қайшы келеді.
- Қазақстанда жүк тасымалдау тарифтерін реттеу РФ-мен салыстырғанда икемдірек деуге болады.
- Тұтынудының (тұтынушылар тобының) одаққа мүше мемлекеттердің кез келгеніне тиесілігі қағидаты бойынша саралауға тыйым салынады.

КТЖ ұсынған тарифтік саясат өзгерісі ЕАЭО туралы шартқа тікелей қайшы келеді. Сондай-ақ бұл бірқатар отандық кәсіпорындарға айтарлықтай соққы болады.

РТЖ соңынан нормалар мен келісімдердің бұзудың орнына, осындай келісімді бұзу әрекеттерін болдырмауға және олардың қолданылмауына қол жеткізу керек.

Талап ТІЛЕГЕН



**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи Жарлығымен Шымкент қаласына республикалық қала статусы берілгеніне биыл екі жыл толып отыр. Осы бір қысқа мерзімде еліміздегі үшінші мегаполисті көркейту мен дамыту жолында ірі жобалар қолға алынып, нақты істер жүзеге асуда. Шымкентте заманауи инфрақұрылым қалыптасып, жаңа шағынаудан, көрікті ғимарат жыл санап көбейіп келе жатқанына ел куә.**



Биылғы жыл қазақ халқының рухани өмірінде аса маңызды орын алып отырғаны белгілі. Ұлы ғұлама Әбу Насыр әл Фарабидің 1150 жылдық және хәкім Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы бүкіл ел көлемінде тойлануда.

Шымкент әуежайында жаңа жолаушылар терминалы салынууда. Сондай-ақ Конгресс-холл, амфитеатр, «Цитадель» музейі бой көтеруде. Теміржол вокзалы, Орталық стадион, Шымкент мемлекеттік зообағы,

«Жаңа бағыт «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасына өзгерістер енгізуді, сондай-ақ рәсімдер мен екінші деңгейлі банктерді тартуды талап етеді. Сондықтан, жаңа бағытты осы ай ішінде іске қосу жоспарланып отыр», — деді Дәленов.



2020 және 2200. Қандай сәйкестік десенізіңі. Бұл жыл Ұлы Жібек жолының бойындағы көне қала Шымкент үшін 2 және 0 сандарымен киюласқан керемет жыл болды. Біріншіден, біз, шымкенттіктер, ақ түіенін қарны жарылып, Самарканның көк тасы еріп, 2020 жылы ғасырдың ғаламат белесі — көне шаһардың 2200 жылдық мерейлі кезеңіне куә болып отырмыз. Екіншіден, ТМД елдерінің 2020 жылғы мәдени астанасы мәртебесін иеленіп, қаламызда әр алуан қызықты халықаралық іс-шаралар өткізу жоспарланды.

Иә, көкденен көңілге салсақ, қиял қанатына ерік берсек, биылғы Наурыз мерекесінде ертегілерде сипатталатын 30 күн ойын, 40 күн тойымен жалғасқан дүбірлі думан өтуі тиіс еді. Онда күнгейдегі Күнқаланы танымай қаларыңыз көдік еді. Көңілді көкке өрлеткен қаншама әсерлі жиын өтер еді. Алайда әлемде қалыптасқан пандемиялық ахуалға орай барлық іс-шараны кейінге шегеруге мәжбүр болдық. Бірақ іс-шара кейінге ысырылғанмен, Мәдени астана мәртебесін ешкім еншілеп кеткен жоқ. Мерейі асып, қайта түлеген шырайлы шаһардың 2200-ші туған күні — Қала күнін жоғарғы деңгейде өткізу үшін қызу дайындық жүріп жатыр. Төрткүл дүниедегі жанаша өмір сүру үрдістеріне сәйкес, «Шымкент — Достастықтың 2020 жылғы мәдени астанасы» атты айтулы шараның салтанатты ашылу рәсімі 19 маусымда, яғни қала күні мерекесімен бірге онлайн өткізілмек.

Мәдени астана мәртебесі Шымкентке бекер берілген жоқ. Күн шуақты Шымкент — мейірімді, еңбеккер әрі талантты адамдар тұратын қала. Ол — жаңа ғасырдағы Қазақстан өнері мен мәдениетінің алтын бесігі.

Бұл шаралар — достастық мемлекеттері арасындағы бірлік пен ынтымақтастықты дамытуға серпін беріп, ұлттық мәдениет пен өнерімізді халықаралық деңгейде насихаттауға, Шымкенттің халықаралық аренадағы абыройы мен беделін арттыруға жол ашлады.

Қазіргі күрделі жағдайға қарамастан, көне Шымкент қалашығы — Цитадельді қалпына келтіру жұмыстары жалғасып жатыр. Ашық аспан астындағы бұл ғажайып музей қала тұрғындары мен қонақтарының зор қызығушылығын тудырады.

«Наурыз» аланы маңында «Көне қала» этножобасы бой көтеруде. Этноқалашықта «Шымкент 2020 — ТМД елдерінің мәдени астанасы» жылы аясында қала тұрғындары мен қонақтарына ұлттық салт-дәстүр құндылықтарын насихаттау мақсатында әр сенбі, жексенбі күндері іс-шаралар өтеді деп жоспарланған болатын.

«Көне қала» этноауылында 12 киіз үй мен көрме қойылатын жартылай киіз үй, Ақ қанатты шатыр үй де құру жоспарланған. Сонымен қатар ауылда алтыбақан шағын сәулет нысандары да құрылады. Құрылыста балалар үшін арнайы алаң да қарастырылған.

Киіз үйлерде Шымкент қаласының — 2200, ғұлама, ғалым Әбу Насыр әл Фарабидің — 1150, ақын Абай Құнанбайұлының — 175, композитор Шәмші Қалдаяқовтың — 90 жылдығына арналған тақырыптық көрмелер ұйымдастырылады. Төрт киіз үйі қазактын ұлттық тағамдарына арналса, көрпе тігу үйі, салт-дәстүр үйі, әжелер үйі және бас киіз үйі тақырыпқа сай безендіріледі. Ал жартылай киіз үйлерде колөнер бұымдарының көрмелері қойылады.

Қалашықтың іші қорған-қалашық түріндегі жобаның ортасында ақ шатырлы орда түріндегі дөңгелек сахна орналасқан. Сахнаның алдында 200 орындық көрермендер алаңы болады. Сахналық аланның екі шетінде арба үстіне тігілген киіз үйлер қойылады деп жоспарланған.

Қалашықтың ауыл-алаңқайларында колөнершілер ауылы, құсбегі-саятшылар ауылы, зергерлер ауылы, қымызшылар ауылы, ұлттық тағамдар ауылы, музыкалық аспаптар көрмесі, балаларға арналған ойын алаңдары орналасады.

Келушілерге ұлттық киім киген қыз-жігіттер қонақтарды қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерімен таныстырады. Этноқалашықта көрермендер ұлттық спорт түрлерін тамашалап, киіз үй тігу, сырмақ басу, ши тоқу, мал сойып, ет асу процестеріне қатыса алады. Қазақтың ән-күйін тыңдап, ұлттық колөнер бұйымдарын естелік ретінде сатып алуға болады. Сондай-ақ кешкі ойын-сауық пен ұлттық салт-дәстүрден сыр шертетін қойылымдары тағы бар.

Айта кетейік, әлемді жайлаған қауіпті індетке байланысты қалашықтың ашылуы кейінге шегіріліп тұр.

#### ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНДЫ

Қазір қаламызды қауіпсіз өрі өмір сүруге жайлы ету мақсатында көптеген жұмыстар атқарылады. Биыл үшінші мегаполисте көпқабатты 136 үй немесе 7 561 пәтер пайдалануға беріледі.

Қалада қоғамдық көлік жүйесін толығымен жаңғырту басталды. 1 тамыздан бастап жаңа жүйе енгізіліп, жыл соңына дейін қалаға 590 автобус әкелінеді.

лендросаябақ жаңыртылып жатыр. Қаланың негізгі су арнасы — Қошқар ата өзенінің бойы абаттандырылууда. Атшабар аумағында этноқалашық салу, 47 гектар жерге жаңа саябақ өсіру, Шымкент—City тұрғын алабында көпфункционалды спорт кешенін салу бойынша жұмыс жалғасын табууда.

#### ИНФРАҚҰРЫЛЫМ – АЙРЫҚША НАЗАРДА

Шымкент қаласының аумағы кеңейіп, 41 елді мекен қосылғалы алып қаланың инфрақұрылымын дамытуға жіті көңіл бөлініп келеді.

Қазіргі таңда Шымкентте 53 шағынаудан шалғайда орналасқан. Бүгінде бұл аймақтарда инфрақұрылым тарту жұмыстары қарқынды жүруде. Тұран, Батыс, Ынтымақ-2, Жанатұрлан, Асар-2 шағынаудандарын сапалы ауыз сумен қамту үшін бюджеттен 5 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлініп, тиісті жұмыс атқарылууда. Нәтижесінде жыл соңына дейін Игілік, Қызылжар, Тәуелсіздікке 20 жыл, Көкбұлақ, Абдулабад, Өтеміс, Базарқаппа шағынаудандарында құрылыс аяқталып, тұрғындар ауызсуға қол жеткізеді.

Бұған қоса, сапалы электр жарығымен қамтамасыз ету де күн тәртібінен түспей тұр. Қазіргі таңда бұл саладағы ең ірі жоба — қуаты 220 кВ Бозарық қосалқы стансасы. Жыл соңында пайдалануға берілетін ірі қосалқы станса іске қосылып, қаланың солтүстік бөлігі сапалы электр энергиясымен қамтылады деп күтілуде. Сонымен қатар екі қосалқы стансының құрылысы қатар жүргізілуде. Нәтижесінде қуаты 110 кВ құрайтын төрт қосалқы станса 90 мың халқы бар 30 елді мекеннің жарық мәселесінің шешілуіне сеп болмақ.

«Жалпы, соңғы 3 жылдың ішінде Шымкентте 9,7 млрд теңгеге 10 елдімекенге электр желісі тартылды және 2 шағын станса салынды. Биыл 12 нысанға қаржы бөлініп, құрылысы жүруде. Жыл соңына дейін 7 нысанда жұмыс аяқталып, 14 мыңға жуық адам сапалы электр қуатымен қамтылады», — дейді Шымкент қаласының энергетика және коммуналды шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Нұрлан Жаманкөз.

Мұнымен қоса, қала тұрғындарын ауызсу, табиғи газ және кәріз жүйесімен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Атап айтқанда, ауызсу бойынша 27 нысан, оның ішінде 3 ірі жоба жүзеге асырылууда. Тұран, Шымкент-Сити шағынаудандарын ауызсумен қамту үшін Көмешбұлақ су ғимаратынан магистралды су құбырлары тартылууда. Жыл қорытындысы бойынша 18 нысанның құрылысы аяқталып, 34 мыңға жуық адам сапалы ауызсу тұтыналатын болады. Нәтижесінде Шымкент тұрғындарын сумен қамту көрсеткіші 94,7%-дан 95,3%-ға дейін жоғарылайды.

Қаланы абаттандыру жұмыстары да биыл ерекше қарқын алған. Бүгінде Қонаев даңғылының Ілев және Түркістан көшелерімен қиылысындағы гүлзарларда күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып қалды. «Шәмші әлемі» гүлзары мен Чернобыль апатынан қаза болғандарға арналған аллея көркейтіліп, Әл Фараби баланы қайта жанартылмақ. Бұдан бөлек, Орталық стадион аумағындағы «Тұлпар стансасының» аланы көріктендірілуде.

Айта кетейік, қаланы абаттандыру жұмыстарына бюджеттен 933 млн теңге бөлініп, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында 100-ден астам азамат жұмыспен қамтылған.

Мегаполис атына сай инфрақұрылымы да мінсіз қала болуы керек.

#### ШАҒЫН БИЗНЕСТІҢ ШЫРАЙЫ

Ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов онлайн режимде халық алдында есеп беру барысында «Бизнестің жол картасы — 2025» аясында шағын бизнесті қолдаудың жаңа бағыты іске асырылатынын айтқан еді.

«Шағын бизнесті қолдау маңызды болып отыр. Кредиттер мен кепілге қолжетімділік мәселесін шешу — шағын және орта бизнестің, әсіресе, микробизнестің даму факторы. Сондықтан «Бизнестің жол картасы — 2025» мембағдарламасына «микро және шағын бизнесті микрокредиттеу» жаңа бағыты қосылды», — деді министр. Жаңа бағыт 6 пайыздан аспайтын мөлшерлеме бойынша субсидиялау арқылы қаржыландыруды

# MEGAPOLIS

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

көздейді. Несие көлемі айналымдағы құралдарды толықтыруға 5 млн теңгеге дейін, өндірістік қажеттілікке 20 млн теңгеге дейін беріледі. Бұл микробизнес өкілдерін кең көлемде қамтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бизнес субъектілері кепілінің жеткіліксіздігі жөніндегі мәселе де шешімін тапты. Даму қоры негізгі заемның 85 пайызына дейін кепілдендіреді.

Қала басшысы аталған жобаны тиімді жүзеге асыру үшін арнайы индикаторлық жүйеге қосылуға тапсырма берді. Ол аудан, басқарма басшылары мен әкім орынбасарларының жұмысын онлайн түрде бақылап отыруға мүмкіндік береді. «Осы индикатор арқылы біздің істеген жұмысымыздың нәтижесі онлайн түрде көрінеді. Әсіресе, пандемия кезінде өте тиімді. Аталған жоба алғаш болып Шымкентте қолға алынып жатыр. Сондықтан, осы жұмысты шын көңілмен, бірігіп жасауға шақырамын», — деді М.Әйтемов.

Айта кетейік, жобалық кеңсенің негізгі міндеті — қала деңгейіндегі проблемалық мәселелерді шешуге жәрдемдесу. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың дағдарыс кезінде кәсіпкерлік саласына қолдау көрсету тапсырмасы негізінде Шымкент қаласында «Бизнеске арналған Үкімет — Shymkent INVEST» кеңсесі жаңа форматта қайта ашылды.

Бұл жоба кәсіпкерлерге бір көзден орталықтандырылған мемлекеттік және сервистік қызметтерді жедел алуға

көмектеседі. Мұнда нишалық жобаларды сүйемдеу, жеңілдетілген 1% несие беру, «1000 сауда орны» бағдарламасы бойынша жер учаскелерін алу және қаржы секторы, тауарды жылжыту, инвестиция, цифрлық, құқықтық, компетенция және мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Осылайша, кәсіпкерлер мен инвесторлар үшін бірыңғай хаб құрылады. Сонымен қатар мұнда бастауыш кәсіпкерлерге «Бизнес-мектеп», «Бастау-бизнес» оқыту бағдарламалары бойынша кәсіпкерліктің негізгі оқытылады.

Кеңсенің ашылу рәсіміне қатысқан қала әкімі Мұрат Әйтемов өңірдегі экономикалық жағдайды жақсарту бойынша қабылданған антикризистік шаралар өз жемісін беретініне сенімді екенін жеткізді. Сондай-ақ бағдарламада межелеген микроқаржы ұйымын құрып, жеңілдетілген несие, нишалық жобалар мен «Егістіктен дүкен сөресіне дейін» және мемлекеттік бағдарламалардың бүкіл мүмкіндіктерін барынша қолданылатынын айтты.

Іс-шара барысында сөз алған Шымкент қаласы кәсіпкерлер палатасының директоры Нұрлан Кабыштаев мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіпкерлік саласында жыл соңына дейін жалпы 29,5 млрд теңге игеру жоспарланғанын атап өтті.

«Бағдарлама аясында нишалық жобаларды іске асыру қолға алынып жатыр. Қазіргі таңда кәсіпорындармен осы нишалық жобалардың тізімін жасақтау үстіндеміз. Бүгінде 80-нен астам нишалық жобалар жасақталды. Осының аясында, біз импорт алмастыруды қамтамасыз етіп, 400 адамды жаңа жұмыс орнымен қамтып, 100 жаңа тауардың түрін және жаңа 30 кәсіпорын ашуды көздеп отырмыз. Бұл бастаманы іске асыру мақсатында құрылып жатқан микроқаржы ұйымы арқылы қаржыландыруды көздеп отырмыз. Бұдан бөлек, микроқаржы ұйымы «Еңбек» бағдарламасы аясында бөлініп жатқан қаржыларды да игеруге ықпалын тигізеді», — деді Нұрлан Кабыштаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Жамбыл, Алматы және Түркістан облыстарында «Егістіктен дүкен сөресіне дейін» пилоттық жобалары іске қосылатын болады. Бұл ретте түркістандық шаруалармен өндірілетін тауарларды өткізу нарығының бірден-бір нүктесі Шымкент қаласы болып табылмақ. Түркістан облысында өндірілетін ауылшаруашылық өнімдерін Шымкент қаласында қайта өңдеп, фасовка және упаковка жасау арқылы тамақ өнеркәсібін дамытуға мүмкіндік бар. Бұл өз кезегінде әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын тұрақтандыруға, өзінік қосалқы шаруашылықтың (*ЛПХ*) көлемдік экономикадан шығуына және қосымша жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді.

#### ШЫМКЕНТТІҢ САЛҚЫН СУСЫНЫ

Шымкенттегі кәсіпкерлікті қолдау мақсатында шаһар басшысы Мұрат Әйтемов «Шымкент сыра» зауытына барды.

Сыра зауытының аумағы 9 гектар. Жылына 2 миллион гига литрге жуық өнім шығарады. Бүгінгі таңда өндіріс қуаттылығы жоғары, сапалы өнім беретін отандық ірі кәсіпорын ретінде көш бастап тұр.

«Шымкент сыра өндіру зауыты» ЖШС атқарушы директоры Наталья Антонова қала әкіміне өндірістің ішкі жұмыстарын таныстырып қана қоймай, болашақтағы жоспарларын да баяндады.

Сыра зауыты бүгінде 500 адамды жұмыспен қамтып отыр. Жақын күндері квас секілді алкогольсіз өнім шығаруды жоспарлауда. Отандық өнім ішкі нарықты ғана емес, Ресей, Әзбекстан, Қырғызстан және Қытайға да жөнелтіледі.

Зауытты аралау кезінде қала басшысы Мұрат Дүйсенбекұлы кәсіпкерлікті дамыту бағытында мемлекеттік бағдарламалар аясында инвестиция тарту жолдарын қарастыру жөнінде тиісті басқарма басшысына тапсырма берді.

Қайнаған тіршілік, қарқынды құрылыс, иінді инфрақұрылым, жаңа жобалар... Тегеуріні тасты да ерітетін, тірлігі мығым, сөзі шырын, бар қазақтың қазығы мен қазынасына айналған ару қала — Шымкенттің дәл осы сәттегі келбеті осындай.

**Мәриям АЙТБАЙ,**  
*Шымкент қаласы*



| 2020 жылғы 01 қатардағы «Сентрас Иншуранс» СК- АҚ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының/сақтандыру брокерінің бухгалтерлік теңгерімі                  |                       |                          |                      |   | (мың теңгемен) |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------|--------------------------|----------------------|---|----------------|
| Баптар атауы                                                                                                                                              | Жолдар кезеңі аяғында | Есеп беру кезеңі аяғында | Өткен жылдың аяғында |   |                |
| 1                                                                                                                                                         | 2                     | 3                        | 4                    | 5 |                |
| <b>Активтер</b>                                                                                                                                           |                       |                          |                      |   |                |
| Ақшалай қаражаттар мен ақшалай қаражат бағамдалары                                                                                                        | 1                     | 191 663                  | 350 661              |   |                |
| Орналасстырылған салымдар (құнысызdanу үшін саясилық қорын иесіреткенде)                                                                                  | 2                     | 62438                    | 489 133              |   |                |
| Өзгерістері пайда немесе залалдар құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар                                                    | 3                     |                          | 0                    |   |                |
| Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар (құнысызdanу үшін саясилық қорын иесіреткенде)                                                                        | 4                     | 8 636 819                | 7 518 623            |   |                |
| «Кері РЕПО» операциялары                                                                                                                                  | 5                     | 1 783 545                | 3 497 855            |   |                |
| Тазартылған асыл металдар                                                                                                                                 | 6                     |                          |                      |   |                |
| Өндірістік қаржылық құралдар                                                                                                                              | 7                     |                          |                      |   |                |
| Активтер сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру актиітері (құнысызdanу үшін саясилық қорын иесіреткенде)                                                   | 8                     | 1 844 847                | 1 818 737            |   |                |
| Боған, алайда мәлімделмеген залалдар бойынша қайта сақтандыру актиітері (құнысызdanу үшін саясилық қорын иесіреткенде)                                    | 9                     | 618 849                  | 530 473              |   |                |
| Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған залалдар бойынша қайта сақтандыру актиітері (құнысызdanу үшін саясилық қорын иесіреткенде) | 10                    |                          |                      |   |                |
| Аннуитет шарттар бойынша болмаған залалдар бойынша қайта сақтандыру шарттары (құнысызdanу үшін саясилық қорын иесіреткенде)                               | 11                    |                          |                      |   |                |
| Мәлімделген, алайда реттелмеген залалдар бойынша қайта сақтандыру актиітері (құнысызdanу үшін саясилық қорын иесіреткенде)                                | 12                    | 466 283                  | 460 665              |   |                |
| Сақтандырушылардан (қайта сақтандырушылар) мен делдалардан алуға қатысты сақтандыру сыйлықақылар (құнысызdanу үшін саясилық қорын иесіреткенде)           | 13                    | 632 952                  | 771 739              |   |                |
| Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық табыстар                                                                                                  | 14                    | 0                        | 0                    |   |                |
| Басқа дебиторлық берешек (құнысызdanу үшін саясилық қорын иесіреткенде)                                                                                   | 15                    | 478 512                  | 696 417              |   |                |
| Сақтандырушыларға ұсынылатын қарыздар (құнысызdanу үшін саясилық қорын иесіреткенде)                                                                      | 16                    |                          | 0                    |   |                |
| Болашақ кезек шығындары                                                                                                                                   | 17                    | 11 455                   | 5 502                |   |                |
| Ағымдағы салық активі                                                                                                                                     | 18                    | 194 987                  | 4 008                |   |                |
| Кейінгі қалдырылатын салық активі                                                                                                                         | 19                    | 55 836                   | 34 590               |   |                |
| Өтелгенге дейін ұсталатын бағалы қағаздар (құнысызdanу үшін саясилық қорын иесіреткенде)                                                                  | 20                    |                          | 0                    |   |                |
| Басқа занды туғызалар капиталдағы инвестициялар                                                                                                           | 21                    |                          | 0                    |   |                |
| Қолпар                                                                                                                                                    | 22                    | 59 831                   | 102 754              |   |                |
| Негізгі құрал-жабдықтарды (нетто)                                                                                                                         | 23                    | 194 979                  | 236 964              |   |                |
| Инвестициялық мүлік                                                                                                                                       | 24                    |                          | 0                    |   |                |
| Сату үшін арналған үзек мерзімді активтер                                                                                                                 | 25                    |                          | 0                    |   |                |
| Материалдық емес активтер (нетто)                                                                                                                         | 26                    | 87 851                   | 122 526              |   |                |
| Басқа да активтер                                                                                                                                         | 27                    | 134 225                  | 49 030               |   |                |
| <b>Активтер жиыны</b>                                                                                                                                     | <b>28</b>             | <b>15 455 072</b>        | <b>16 689 677</b>    |   |                |
| Міндеттемелер                                                                                                                                             |                       |                          |                      |   |                |
| Аққуды сыйлықақылар сақтық қоры                                                                                                                           | 29                    | 4 940 722                | 5 110 150            |   |                |
| Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған залалдардың сақтық қоры                                                                    | 30                    |                          | 0                    |   |                |
| Аннуитет шарттар бойынша болмаған залалдар бойынша сақтық қоры                                                                                            | 31                    |                          | 0                    |   |                |
| Боған, алайда мәлімделмеген залалдардың сақтық қоры                                                                                                       | 32                    | 1 499 873                | 1 469 059            |   |                |
| Мәлімделген, алайда реттелмеген залалдардың сақтық қоры                                                                                                   | 33                    | 1 729 300                | 1 548 783            |   |                |
| Алынған қарыздар                                                                                                                                          | 34                    | 0                        | 0                    |   |                |
| Қайта сақтандырушылармен есеп айырысулар                                                                                                                  | 35                    | 421 587                  | 346 906              |   |                |
| Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысулар                                                                                | 36                    | 40 760                   | 50 202               |   |                |
| Дивиденд бойынша акционерлермен есеп айырысулар                                                                                                           | 37                    |                          |                      |   |                |
| Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша төлеуге жататын шоттар                                                                                        | 38                    | 227 552                  | 69 157               |   |                |
| Басқа кредиторлық берешек                                                                                                                                 | 39                    | 48 146                   | 56 185               |   |                |
| Бағалы міндеттемелер                                                                                                                                      | 40                    |                          | 0                    |   |                |
| «РЕПО» операциялары                                                                                                                                       | 41                    | 1 308 356                | 3 325 059            |   |                |
| Өндірістік қаржылық құралдар                                                                                                                              | 42                    |                          | 0                    |   |                |
| Шығындарын өлтіретін активтер                                                                                                                             | 43                    |                          | 0                    |   |                |
| Болашақ кезектер табыстары                                                                                                                                | 44                    | 168 699                  | 143 904              |   |                |
| Дивиденд салық міндеттемелері                                                                                                                             | 45                    | 68 376                   | 77 155               |   |                |
| Кейінгі қалдырылатын салық міндеттемелері                                                                                                                 | 46                    |                          | 0                    |   |                |
| Басқа міндеттемелер                                                                                                                                       | 47                    | 338 479                  | 236 614              |   |                |
| <b>Міндеттемелер жиыны</b>                                                                                                                                | <b>48</b>             | <b>10 791 850</b>        | <b>12 433 174</b>    |   |                |
| Қаптал                                                                                                                                                    | 49                    |                          |                      |   |                |
| Жарылым капитал (құрытайшылар жарналары)                                                                                                                  | 49                    | 1 325 750                | 1 325 750            |   |                |
| Алынған капитал (құрытайшылар жарналары)                                                                                                                  | 50                    |                          |                      |   |                |
| Салық капиталы                                                                                                                                            | 51                    |                          |                      |   |                |
| Сыйлықақылар (қосымша төленген капитал)                                                                                                                   | 52                    |                          |                      |   |                |
| Күтілген төлеулердің сақтық қоры                                                                                                                          | 53                    | 0                        |                      |   |                |
| Тұрақсыздалатын сақтық қоры                                                                                                                               | 54                    | 7 687                    | 6 179                |   |                |
| Басқа сақтық қордар                                                                                                                                       | 55                    | 56 271                   | 49 738               |   |                |
| Бөлінбейтін пайда (жабықталатын залал)                                                                                                                    | 56                    | 3 386 056                | 2 974 312            |   |                |
| соның ішінде:                                                                                                                                             |                       |                          |                      |   |                |
| өткен жылдар                                                                                                                                              | 56,1                  | 2 939 118                | 1 899 051            |   |                |
| есеп беру кезеңі                                                                                                                                          | 56,2                  | 4 663 222                | 4 256 503            |   |                |
| <b>Капитал жиыны</b>                                                                                                                                      | <b>57</b>             | <b>4 663 222</b>         | <b>4 256 503</b>     |   |                |
| <b>Капталдар мен міндеттемелер жиыны</b>                                                                                                                  | <b>58</b>             | <b>15 455 072</b>        | <b>16 689 677</b>    |   |                |

№2 нысан

2020 жылғы 01 қатардағы ахуалы бойынша «Сентрас Иншуранс» СК- АҚ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, ұйымдарының, сақтандыру брокерінің пайдалары мен залалдары жөніндегі қаржылық есеп-қисабы

| 2020 жылғы 01 қатардағы ахуалы бойынша «Сентрас Иншуранс» СК- АҚ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының/брокерлерінің капиталындағы өзгерістер жөніндегі қаржылық есеп-қисабы |                    |                          |                      |                      |                      | (мың теңгемен) |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|--------------------------|----------------------|----------------------|----------------------|----------------|
| Баптар атауы                                                                                                                                                                     | Жол кезеңі аяғында | Есеп беру кезеңі аяғында | Өткен жылдың аяғында | Өткен жылдың аяғында | Өткен жылдың аяғында |                |
| 1                                                                                                                                                                                | 2                  | 3                        | 4                    | 5                    | 6                    |                |
| <b>Кірістер</b>                                                                                                                                                                  |                    |                          |                      |                      |                      |                |
| Сақтандыру қызметінің түскен табысы                                                                                                                                              |                    |                          | <b>8 616 117</b>     | <b>8 564 849</b>     |                      |                |
| Сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары                                                                                                                 | 1                  |                          | 13 044 079           | 10 245 299           |                      |                |
| Қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары                                                                                                                       | 2                  |                          | 54 771               | 1 871 751            |                      |                |
| Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықалары                                                                                                                               | 3                  |                          | 5 147 060            | 4 185 092            |                      |                |
| Сақтандыру сыйлықтарының таза сомасы                                                                                                                                             | 4                  |                          | <b>7 951 790</b>     | <b>7 931 958</b>     |                      |                |
| Аққуды сыйлықақылардың сақтық қорының өзгеруі                                                                                                                                    | 5                  |                          | - 169 428            | 738 680              |                      |                |
| Аққуды сыйлықақылар бойынша қайта сақтандыру актиітерінің өзгеруі                                                                                                                | 6                  |                          | 26 110               | -546 078             |                      |                |
| Еңбектен табылған сақтандыру сыйлықалары таза сомасы                                                                                                                             | 7                  |                          | <b>8 147 328</b>     | <b>7 007 200</b>     |                      |                |
| Сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйлық түріндегі кірістер                                                                                                                 | 8                  |                          | 460 201              | 300 474              |                      |                |
| Сақтандыру қызметінен түскен басқа да кірістер                                                                                                                                   | 9                  |                          | 8 588                | 1 257 175            |                      |                |
| Инвестициялық қызметінен түскен кірістер                                                                                                                                         | 10                 |                          | <b>814 267</b>       | <b>1 147 419</b>     |                      |                |
| Сыйлық алумен байланысты кірістер                                                                                                                                                | 10                 |                          | 651 313              | 498 293              |                      |                |
| соның ішінде:                                                                                                                                                                    |                    |                          |                      |                      |                      |                |
| бағалы қағаздар бойынша сыйлықа (құнн немесе ақсатын) түріндегі кірістер                                                                                                         | 10,1               |                          | 610 599              | 329 829              |                      |                |
| орналасстырылған салымдар бойынша сыйлықа түріндегі кірістер                                                                                                                     | 10,2               |                          | 40 714               | 168 464              |                      |                |
| Қаржылық активтермен операциялар бойынша кірістер (шығындар) (нетто)                                                                                                             | 11                 |                          | 49 252               | 71 780               |                      |                |
| соның ішінде:                                                                                                                                                                    |                    |                          |                      |                      |                      |                |
| Бағалы қағаздары сатып алу-сатудан түскен кірістер (шығындар) (нетто)                                                                                                            | 11,1               |                          | -72 051              | 15 455               |                      |                |
| «РЕПО» операцияларынан түскен кірістер (шығындар) (нетто)                                                                                                                        | 11,2               |                          | 121 203              | 56 325               |                      |                |
| Тазартылған асыл металдармен операциялардан түскен кірістер (шығындар)                                                                                                           | 11,3               |                          | 0                    | 0                    |                      |                |
| Өндірістік қаржылық құралдармен операциялардан түскен кірістер (шығындар)                                                                                                        | 11,4               |                          | 0                    | 0                    |                      |                |

| 2020 жылғы 01 қатардағы ахуалы бойынша «Сентрас Иншуранс» СК- АҚ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының/брокерлерінің капиталындағы өзгерістер жөніндегі қаржылық есеп-қисабы |                  |                       |                       |                           |                  |               |                  | №4 нысан       |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|-----------------------|-----------------------|---------------------------|------------------|---------------|------------------|----------------|
|                                                                                                                                                                                  |                  |                       |                       |                           |                  |               |                  | (мың теңгемен) |
| Бас ұйым капиталы                                                                                                                                                                |                  |                       |                       |                           |                  |               |                  |                |
